

«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-балабақнасы

Такырыбы:
«Қарттым-асыл қазынам»

Өткізген: Агадиева К.А.
Едигина А.О.

2022-2023 жылы

Тақырыбы: «Қарттарым-асыл қазынам».

Мақсаты: Балалар бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт- дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден гибрат алуға тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Аппак шашың күн сайын қалындаған,

Зейнет емес бейнеттен арылмаған.

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,

Қариялар өзінді ел сыйлаған.

Ел мүлдесін бәрінен биік қоятын,өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын,ізінен ерген ұрпағына ұлылығын, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше,олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады.Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі-үлкенді сыйлау,оның сөзіне құлақ асу.Қазақ қартыжасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісітыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді.Міне осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін І қазан Қарттар күнімен құттықтап отырып, «Қарттар ғұмырын құрмет ұзартады» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Қош келіңіз ақ жаулықты аналар

Ақыл кенін аркалаған аталар.

Алдарыңда жауқазындай құлпырған,

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

Армысыз ауылымның асылдары,

Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би,

Сіздер үшін мереке шашулары.

«Балбөбек» тобының бүлдіршіндердің сіздерге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар!.

Ән: «Біз өмірдің гүліміз» хор.

Жүргізуші:

Кезекті бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берейік.

Айзагүл:

Құттықтаймыз мейрамыңмен әжелер!

Әр күлгенің бізге бақыт саналар,

Еңбегінді еш ептейтін өмірде

Елің жұртың ұл мен қызың бағалар.

Аңсар:

Маған ақыл беретін,

Әжем менің асыл жан.

Сипап жақсы көретін,

Құлыным деп басымнан.

Ислам:

Әже отыр кәріміз,
Қуат берер дәріміз.
Әуледей аялап, бәріміз!
Ардақтаймыз бәріміз!

Адина:

Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенің.
Жүзге келіп, маркайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің.

Жандос:

Гүл-гүл жайнап бәріміз,
Кірді біздің сәніміз.
Қарттарымызды тойымен,
Құттықтаймыз бәріміз.

Тамирис:

Ана мейір күн көзімен пара-пар,
Тұла бойға қуат болып таралар.
Өміріме шуақ шашып әрдайым,
Көп жасаңдар әжелер!

Алдияр:

Атам маған кашанда,
Әділетті бол деген.
Ата сөзі санамда,
Жүрем тура жолменен.

Сұлтан:

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әліде,
Жүзге жетсін жасыңыз.

Адия:

Атам маған кашанда,
Кішіпейл бол деген,
Ата сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.

Көзайым:

Көкке өрмелеп көңілің,
Нұрға толсын өмірің.
Бақытты бол жан әжеге,
Ұзақ болсын өмірің.
Жүргізуші: Кезекті сері жігіттеріміздің билеріне берейік.
Би: «Қара жорға».

Жүргізуші:

Дүниеге келер бір рет,
Құрыштан күйған құдірет.
Балалар ол кім?

Әрине қарттарымыз. Кезекті әсем әнге беріік орындайтын жеке дауыста бұлбұл даусымен

Ән: «Айгөлек».

Жүргізуші:

Өмірімен қымбатты,
Бишілер бар сымбатты.
Тамашалап көрейік,

Келесі би ыргакты- деп кезекті мың бұралған биші қыздарымызға береміз.

Би: «Қамажай».

Жүргізуші:

Көкке өрмелеп көңілің,
Нұрға толсын өмірің.
Бакытты бол жан әже,

Ұзақ болсын өмірің-деп мына әсем ән әжелерге арналады ,орындайтын

Ән: «Анаға сәлем».

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жаксы әнмен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,

Ән: «Әке, Ана».

Жүргізуші:

Арайлы ақ тілекпен,
Ән жолдаймын өзіңе.
Сағыныш сазы жүрекпен.
Балаларын қуаныш әкелсін!
Немерелеріңіз жұбаныш әкелсін!
Орындарыңыз төр болсын!
Дастархандарыңыз мол болсын!
Қатарларыңыз көп болсын!
Уайым қайғыларыңыз жоқ болсын!
Елде бірлік болсын!

Жарасты тірлік болсын! –деп тілек тілеп сіздерді 1-қазан қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Денсаулықтарыңыз мықты болып, ауырмай немере- шөберелеріңіздің қызығын көріп шат күлкісімен жарасып, ұрпақтарыңызға тәлім –тәрбие, өнеге беруден жалықпаңыздар!

«Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» демекші әжелер бата, ізгі ниет-тілектеріңіз болса, сөз кезегі өздеріңізге береміз.

Осымен қарттар күніне арналған «Қарттар ғұмырын құрмет ұзартады» атты мерекелік ертеңгілігіміз осымен аяқталды. Келгендеріңізге көп –көп рахмет.

Сау болыңыздар.



Тақырыбы:
«Қарттарым асыл-казынам!»

Тәрбиешілер: Абдрахманова.М.Х
Қасымғалиева.М.О

2023-2024оқу жылы

Ғақырыбы: «Қарттарым асыл- қазынам!»

Максаты: Балалар бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата-бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, камқорлыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден гибрат алуға тәрбиелеу.

Шаттық шеңбер:

Есенсіз бе, ұлағатты қарттарым,

Бабалардың бойға жиган салттарын

Өзіңіздей ұлағатты болуға,

Өсиетіңді жүрегімде сақтадым.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде қанша ай бар? (үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Дұрыс айтыңдар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болады? (Білім күні)

Жарайсыңдар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар білесіңдер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасыңдар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.

Ол 1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі күн қарттар күніне арналмақ. Мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол ғұлама

Көп жасаған бұл адам

Әкесі ол әкесінің

Білер оны сұраған

Ол кім (Ата)

Аймалайды «Күнім» деп,

Мейірімді жүзі күлімдеп

«Тәтті –ақ» дейді немере,

Бал шырындай үнің деп

Ол кім? (әже)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар, дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? қарттар дейміз.

Дұрыс айтасыңдар, балалар. — «Ақылды қария-ағып жатқан дария» деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз. Адам өмірдегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге камқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы атамыз бен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім балады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)

Жарайсыңдар.

Балалар ата-әже туралы жаттаған такпактарымызды айтып берейік.

Әсем: Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз.

Заңтар: Жаксы ісімізді мақтан қылып

Жамандықтан сактандырып

Жүрген алтын ақ әже

Жүрсем деймін шаттандырып

Әли: Немересін жанынан артық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін

Әжелердің құшағында күн несі

Еркелігі үзілместен күлетін

Фариза: Нағашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санасы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсалады нағашы

Нұрали: Маған ақыл беретін

Әжем менің асыл жан

Сипап жақсы көретін

Құлыным деп басымнан.

Жандарбек: Әже отыр кәріміз

Қуат берер дәріміз

Әуледей аялап, бәріміз!

Ардақтаймыз бәріміз!

Аяулым: Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың

Тілейміз қуанышқа бөленгенің

Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,

Қылығына қуанып шөберенің.

Нұрдара: Гүл-гүл жайнап бәріміз

Кірді біздің сәніміз

Қарттарымызды тойымен

Құттықтаймыз бәріміз.

Мансур: Ана мейір күн көзімен пара-пар

Тұла бойға қуат болып таралар

Өміріме шуақ шашып әрдайым

Көп жасаңдар әжелер!

Мирас: Атам маған қашанда

Әділетті бол деген

Ата сөзі санамда

Жүрем тура жолменен.

Назмерей: Көкке өрмелеп көңілің

Нұрға толсын өмірің

Бақытты бол жан әже

Ұзақ болсын өмірің.

Нүркелді: Аман болсын басыңыз

Ағармасын шашыңыз

Шөбере сүйіп әліде

Жүзге жетсін жасыңыз.

Фариза: Атам маған қашанда

Кішіпейл бол деген

**Ата сөзі санамда
Жасы үлкенге жол берем.**

Тәрбиені: Жарайсыңдар балалар, өте жақсы тапқақтар біледі екенсіңдер.

Еңдеше теледидарға назар аударайық.

Бейне тапсырмаға назар аудару: «Қарттарым – асыл қазынам!»

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Оз ойларын айтады).

Тәрбиені: Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергін алайық.

Сергіту сәті:

Шенбер болып тұрайық

Керегені құрайық

Уық болып иіліп

Шаңыраққа иіліп

Қазак үйді құрайық.

Жарайсыңдар орынымызға отырайық.

Дидактикалық ойын: «Кімге не тиесілі»

Ойынның шарты бойынша отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын

қыстырғышпен қыстырады. Атаға- шапан, әжеге- ұршық әкеге- сағат, анаға – орамал,

балаларға- велосипед, қызға- қуыршақ.

Балалар ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)

Тәрбиені: Қазактар-«Төріңнен қарт кетпесін»деп тілеген халық.

Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу-біздің ата дәстүріміз.

Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіне нәр берген ата-ананың алдында парыз міндеті-
олшеусіз.

«Балаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыммен қосып ән мен тіл бердің.

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Балаларым, рахмет сендерге!»,-деп Мұқағали Макатаев атамыз айытқандай міне, балалар

біз өзіміздің ата – әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы

тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде

құрметпен сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік!

Оларды сыйлаңдар, қадірлеңдер! Осымен қарттар күніне арналған «Қарттарым асыл-
қазынам!» атты тәрбие сағатымыз аяқталды. Сау болыңыздар.



